

Келісілді:  
Темір аудандық білім, дене шынықтыру  
және спорт бөлімінің  
Басшысы  
Нұртазина Г.О.



Бекітілді:  
«Алақай» балабақшасының  
меңгерушісі

А.А. Куаншалин



**«Алақай» балабақшасының 2020-2021 оқу жылына  
арналған оқу жұмыс жоспары**

Сарыкөл 2020 ж.

## Түсінік хат

Оқу тәрбие жұмысы 29.08.2020ж кезекті педагогикалық кеңесінде талқыланып бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

«Алақай» балабақшасы оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына ,Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі Үлгілік оқу жоспары 2012 жылғы 20 желтоқсан № 557 бұйрығына сәйкес жасалынды. Жұмыс жоспарында ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы бала денсаулығының және психикасының мүддесін қорғау негізінде енгізілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасы» атты бағдарламаны басшылыққа ала отырып ұйымдастырылады.

Оқу жүктемесіне бес білім беру саласының мазмұны кіреді: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет». Жоспардың негізгі мақсаты оқыту жүйесінің регламенттеу, оның бағытын анықтау, оқыту түрін және ұйымдастыруын және санын анықтайды. Жоспардың вариативті бөлімі оқытудың вариативтілігін жабдықтайды және де мектепке дейінгі балаларға білім беру аясын кеңейтеді.

Оқу процестерінің міндеттері: Мектепке дейінгі ұйымда баланың денсаулығының нығайту мен сақтауда сапалы жұмысын ұйымдастыру.

- Мектепке дейінгі жастағы балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
- Балаларды физикалық таным-тіл, өнер, эстетикалық және қоғамдағы тұлға ретінде өсуіне жағдай жасау.
- Балаларды адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу.
- Балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты күшейту.
- Балабақша бойынша бір топ құрылды.

Ортаңғы топ балаларын тәрбиелеу қазақ тілінде оқытылады. ҰОҚ-н апталық жүктемесі – 12 сағат , оның ішінде вариативті компонентке – 2сағат. Оқыту сабақтары ұзақтығы 20-25 минутқа дейін.

Инвариативтік бөлім сабақ кестесі, әр топтың жас ерекшелігіне сай , санитарлық – эпидемиологиялық ережелерге апталық оқу жүктемесіне жүргізіледі. Бұл оқыту процесі балалардың контингентіне қарай, жеке және жас ерекшеліктеріне қарай ата-ананың қоғамдық тапсырысына сай жүзеге асады. Оқыту тәрбиелеу процесі тәрбиелеу дамыту және оқыту мақсаттарының білігінде құрылады.

Топтағы вариативтік компонент, баланы білімге тәрбиелеу міндеттеріне , даму ерекшеліктеріне және қызығушылықтарына сәйкес құрылған.

Өзіндік тану, өзіндік баға және тұлғаны дамыту эмоционалдық дамуындағы қолайсыздық жағдайларын түзету . Вариативтік бөлім жалпы білім беру бағдарламасында мектепке дейінгі ұйымдарда үйірме жұмыстары арқылы жүзеге асырылады.

<b>Оқу жоспары</b>			
<b>№</b>	<b>Балалардың оқу қызметінің түрлері</b>	<b>Жас тобы</b>	
	Білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу қызметі	Ортаңғы топ (3 жастан бастап)	Қорытынды
<b>Инварианттық бөлім</b>			
<b>1</b>	<b>«Денсаулық»</b>	<b>3</b>	<b>108</b>
	Дене шынықтыру;	3	
<b>2</b>	<b>«Қатынас»</b>	<b>2</b>	<b>72</b>
	Сөйлеуді дамыту;	1	36
	Көркем әдебиет;	0,5	18
	Орыс тілі;	0,5	18
<b>3</b>	<b>«Таным»</b>	<b>2,5</b>	<b>90</b>
	Математика негіздері;	1	36
	Құрастыру;	0,5	18
	Жаратылыстану;	1	36
<b>4</b>	<b>«Шығармашылық»</b>	<b>3</b>	<b>108</b>
	Сурет салу;	1	36
	Мүсіндеу;	0,25	9
	Апликация;	0,25	9
	Музыка;	1,5	54
<b>5</b>	<b>«Әлеумет»</b>	<b>0,5</b>	<b>18</b>
	Қоршаған ортамен таныстыру;	0,5	
	<b>Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы</b>	<b>11</b>	<b>396</b>
	<b>Апталық оқу жүктемесінің көлемі</b>	<b>15-20 минут</b>	
	<b>Вариативтік компоненті</b>	<b>1</b>	<b>36</b>
	«Ертегілер елінде»	36	
	<b>Барлығы</b>	<b>12</b>	<b>432</b>